

Мәртөк аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Ақтөбе облысы Мәртөк аудандық мәслихатының 2017 жылғы 10 наурыздағы № 66 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 28 наурызда № 5358 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6, 7 баптарына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27 бабына сәйкес, Мәртөк аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімінің қосымшасына сәйкес Мәртөк аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешімі оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Мәртөк аудандық мәслихаттың сессия төрайымы

М. Тұрлығұлова

Мәртөк аудандық мәслихат хатшысы

Ә. Әлмұхамбетов

2017 жылғы 10 наурыздағы № 66 Мәртөк аудандық мәслихатының шешіміне қосымша

Мәртөк аудандық мәслихатының күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. Мәртөк аудандық мәслихатының 2006 жылғы 22 қыркүйектегі № 221 "Мәртөк селосында жерді сату үшін аймақтарға бөлу жобасын (схемасын) бекіту туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-8-26 тіркелген, 2006 жылғы 18 қазанда "Мәртөк тынысы" газетінде жарияланған).

2. Мәртөк аудандық мәслихатының 2009 жылғы 27 наурыздағы № 90 "Айына салық салу объектісінің бірлігіне тіркелген салықтың базалық ставкаларының мөлшерін белгілеу туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген № 3-8-82, 2009 жылғы 29 сәуірде "Мәртөк тынысы" газетінде жарияланған).

3. Мәртөк аудандық мәслихатының 2009 жылғы 24 шілдедегі № 125 "Мәртөк ауданы бойынша салық салу мақсатында жер салығының базалық ставкаларына түзету коэффициенттерін бекіту туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-8-95 тіркелген, 2009 жылғы 2 қыркүйекте "Мәртөк тынысы" газетінде жарияланған).

4. Мәртөк аудандық мәслихатының 2014 жылғы 17 ақпандағы № 112 "Мәртөк аудандық мәслихаттың 2013 жылғы 25 желтоқсандағы № 102 "Әлеуметтік көмек

көрсетудің және Мәртөк ауданы аумағында тұратын мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" шешіміне толықтыру енгізу туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3818 тіркелген, 2014 жылғы 27 наурызда "Мәртөк тынысы" газетінде жарияланған).

5. Мәртөк аудандық мәслихатының 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 154 "Мәртөк аудандық мәслихаттың 2013 жылғы 25 желтоқсандағы № 102 "Әлеуметтік көмек көрсетудің және Мәртөк ауданы аумағында тұратын мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" шешіміне толықтыру енгізу туралы" шешіміне толықтыру енгізу туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4167 тіркелген, 2015 жылғы 29 қаңтарда " Мәртөк тынысы" газетінде жарияланған).

6. Мәртөк аудандық мәслихатының 2015 жылғы 10 маусымдағы № 180 "Мәртөк ауданында аз қамтамасыз етілген отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындау Қағидаларын бекіту туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4429 тіркелген, 2015 жылғы 23 шілдеде "Мәртөк тынысы" газетінде жарияланған).

7. Мәртөк аудандық мәслихатының 2016 жылғы 2 наурыздағы № 238 "Мәртөк ауданында аз қамтамасыз етілген отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындау Қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 10 маусымдағы № 180 Мәртөк аудандық мәслихаттың шешіміне өзгерістер енгізу туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4845 тіркелген, 2016 жылғы 9 маусымда "Мәртөк тынысы" газетінде жарияланған).